ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА
Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы

Шымкент қаласы **26.06.2026 жыл**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 «Квазимемлекеттік сектордағы комплаенс-қызмет туралы» бұйрығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары» негіз болды. Бекітілген кестеге сәйкес жұмыс тобы жоғарыда көрсетілген құжаттар негізінде Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының «Жедел медициналық жәрдем станциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылғы 12 мамырдан 2026 жылғы 26 маусымға дейін.
Талданған кезең: 2025 жылғы мамырдан 2026 жылғы маусым аралығы.

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және еңбек қатынастары, денсаулық сақтау және жедел медициналық жәрдем көрсету саласын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады. Негізгі нормативтік құжаттар қатарында: 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 «Санитариялық авиацияны тарта отырып, жедел медициналық жәрдем көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, сондай-ақ Кәсіпорын қызметін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер, әдістемелік ұсынымдар, ішкі регламенттер мен ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар қолданылады.

Талдау Кәсіпорынның бас дәрігерінің 2026 жылғы 12 мамырдағы №130-н/қ бұйрығына сәйкес жүргізіліп, келесі құрылымдық бөлімшелердің қызметін қамтыды:

- ***кадр қызметі;***
- ***мемлекеттік сатып алу бөлімі;***

- ***мүдделер қақтығысын реттеу мәселелері;***
- ***қауіпсіздік талаптары мен қызметтік тәртіптің сақталуын талдау;***
- ***жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс.***

Ішкі талдаудың мақсаты – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, сондай-ақ оларды жою және алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеу болды.

2026 жылғы 18 маусымдағы ШЖҚ «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» РМК деректеріне сәйкес, кәсіпорын Шымкент қаласының 1 290 925 тұрғынына, сондай-ақ уақытша келіп жүрген азаматтарға, студенттерге және еңбек мигранттарына қызмет көрсетеді. Кәсіпорын құрамында 10 бекет, «103» Call-орталығының жедел бөлімі және бекеттердің 3 филиалы жұмыс істейді. Жұмыс тәулік бойы жүргізіледі. Бригадалардың жасақталу деңгейі 93%-ды құрайды, бұл ретте нақты 120 бригада жұмыс атқарады.

Кадр қызметінің және қызметкерлерді жұмысқа қабылдау қызметінің талдауы

Кадр қызметінің жұмысы мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдау тәртібіне талдау жүргізілді. Жеке құрам бойынша бұйрықтар, еңбек шарттары, конкурстық рәсімдер материалдары және өзге де құжаттар зерделенді.

Ұсынылған кадр қозғалысы туралы мәліметтерге сәйкес, ШЖҚ «Жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК-да 2025 жылғы мамыр айынан 2026 жылғы маусым айы аралығында жұмысқа **488** қызметкер қабылданып, **272** қызметкер жұмыстан босатылған.

Лауазымдар бөлінісіндегі кадр қозғалысын талдау жұмысқа қабылданған қызметкерлердің ең көп саны фельдшерлерге **– 239** адамға және жүргізушілерге **– 218** адамға тиесілі екенін көрсетті. Сонымен қатар, аталған кезеңде: дәрігерлер – 4, медбикелер – 4, шаруашылық медбике – 1, шаруашылық меңгерушісі – 1, бағдарламашы – 1, атқарушы бағдарламашы – 1, инфекциялық бақылау мейіргері – 1, инженерлік-шаруашылық қызметінің басшысы – 1, жаттықтырушы – 1, моторист – 1, сантехник – 1, санитарлар – 6, тазалаушылар – 7 адам жұмысқа қабылданған.

Сонымен қатар, қарастырылып отырған кезеңде жүргізушілер – **135** адам, фельдшерлер – **96** адам, сондай-ақ дәрігерлер – 18, шаруашылық бөлімінің бастығы – 1, шаруашылық бөлімінің меңгерушісі – 1, шаруашылық медбике – 4, медициналық тіркеуші – 1, кадр бөлімінің инспекторы – 1, бағдарламашы – 1, тазалаушылар – 5, хатшы – 1, моторист – 1, күзетшілер – 2, сантехник – 1, санитарлар – 4 адам жұмыстан босатылған.

Осылайша, талдау жүргізілген кезеңдегі кадр қозғалысы кәсіпорынның негізгі жұмысшы лауазымдарын, ең алдымен **фельдшерлер мен жүргізушілерді** толықтыруға жоғары қажеттілік бар екенін көрсетеді. Бұл жедел медициналық жәрдем станциясы қызметінің ерекшелігімен және көшпелі бригадалардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету қажеттілігімен түсіндіріледі.

ШЖҚ «Жедел медициналық жәрдем станциясы» МКК-да кадр қызметінің қызметіне жүргізілген талдау барысында кадрлық іс жүргізуді ұйымдастыруда жекелеген ұйымдастырушылық-техникалық сипаттағы кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, қызметкерлерді кейбір бұйрықтармен қол қою арқылы уақтылы таныстырмау, жеке істерде кейбір құжаттардың толық ресімделмеуі, кейбір кадрлық құжаттарда күндер мен қолдардың болмауы фактілері анықталды. Аталған кемшіліктер жойылатын сипатқа ие және елеулі құқықтық салдарға әкеп соқпағанымен, кадрлық құжаттаманы жүргізу тәртібінің сақталуына және кадрлық рәсімдерді уақтылы ресімдеуге ішкі бақылауды күшейту қажеттігін көрсетеді.

Мемлекеттік сатып алуларды талдау

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы №110 бұйрығына сәйкес, мемлекеттік сатып алулар бөлігінде «Жедел медициналық жәрдем станциясы» көрсетілген кезеңде тауарларды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен және бір көзден сатып алу туралы хабарландыруларды орналастыру арқылы сатып алуды жүзеге асырған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңына сәйкес «Мемлекеттік сатып алулар» веб-порталында орналастырылған шарттарға ішкі талдау жүргізу шеңберінде 2025 жылғы мамыр мен 2026 жылғы маусым аралығында кезең бойынша зерделеу жүргізілді. Аталған кезеңде кәсіпорынмен барлығы **221** мемлекеттік сатып алу шарты жасалғаны анықталды, оның ішінде электрондық дүкен тәсілімен – **30,** баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – **83,** ашық конкурс тәсілімен – **20,** бір көзден алу тәсілімен – **42,** өтпей қалған мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша бір көзден алу тәсілімен – **30** шарт жасалған. Сонымен қатар, **4** шарт біржақты тәртіппен бұзылған, **5** шарт тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылған, **7** шарт қаралу үстінде.

Ағымдағы жылдың наурыз айында Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алулар басқармасының 2026 жылғы 2 наурыздағы №42-02-03/020 қызметтік хаты, Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының 2026 жылғы 6 наурыздағы №38-05-01/842 хаты және 2026 жылғы 10 наурыздағы рапорт негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар саласындағы заңнамасы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс талаптарының сақталуына ішкі талдау шеңберінде 2026 жылғы 23 қаңтарда

электрондық дүкен арқылы өтінім ресімдеу кезінде тапсырыс беруші мен жеткізушінің IP-мекенжайларының сәйкес келуіне байланысты мән-жайлар қаралды.

Ұсынылған түсініктемелер мен ілеспе материалдарды зерделеу барысында төмендегілер анықталды:

2026 жылғы 23 қаңтарда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көзделген өтінімді орналастыру кезінде қызметкердің жұмыс орнында интернет байланысында уақытша техникалық ақаулар туындаған. Жұмыс орнынан электрондық дүкен арқылы өтінімді уақтылы жолдау мүмкін болмағандықтан, өтінім интернет желісіне қолжетімді басқа орыннан рәсімделген. Соның нәтижесінде электрондық дүкен жүйесінде Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының «Жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК тапсырыс берушісінің және «АзияДом» ЖК (ЖСН 890408402311) мен «Aizere» ЖК (ЖСН 760625499090) жеткізушілерінің «149.27.73.113» IP-мекенжайларының сәйкес келуі тіркелген.

Қосымша түрде 2026 жылға арналған бюджеттік өтінімде бастапқыда қызметтік санитариялық автокөліктерге арналған «Hyundai Staria» автокөлігінің қосалқы бөлшектері мен шығыс материалдары қарастырылмағаны анықталды, бұл кейіннен жекелеген позицияларды жедел түрде сатып алу қажеттілігіне алып келген.

Бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына сәйкес мотор майының сипаттамасы «S-Oil Seven Gold #9 C3 5W-30, 1л мотор майы» ретінде белгіленген. Алайда өтінім қалыптастыру кезінде гараж бастығы жаңа автокөлікті пайдалану үшін ұсынған «0W-20» сипаттамасы көрсетілген. Осы айырмашылыққа байланысты көлік құралын тиісті пайдалану қажеттілігіне орай жеткізушінің қатысуымен өтінімге түзету енгізу қажеттілігі туындаған.

Ұқсас жағдай ауа сүзгісін сатып алу кезінде де орын алған. Электрондық дүкенде «Hyundai Staria» автокөлігіне арналған ауа сүзгісінің жеке позициясы болмаған. Сонымен қатар каталогта «Hyundai H350» моделіне қолданылатын «Hyundai» брендімен және 2813059000 артикулымен ауа сүзгісі көрсетілген. Түпнұсқа артикулдың сәйкестігі мен техникалық сипаттамалардың бірдей болуын ескере отырып, өтінім түпнұсқа өнімді жеткізу шартымен рәсімделген.

Ұсынылған түсініктемелерге сәйкес, аталған әрекеттердің негізгі мақсаты – жаңа қызметтік автокөліктің жарамды техникалық жағдайын сақтау және түпнұсқа шығыс материалдарын уақтылы сатып алуды қамтамасыз ету болған. Бұл ретте жеткізілген мотор майы мен ауа сүзгісі өндірушінің техникалық сипаттамаларына сәйкес келеді және нарықтық бағамен қабылданған.

Жүргізілген талдау нәтижесінде мемлекеттік сатып алу жөніндегі маманның жеткізушімен туыстық немесе өзге де жеке қатынастары жоқ екені анықталды. Материалдық пайда алу фактілері, сондай-ақ сатып алу тараптары арасында алдын ала сөз байласу белгілері анықталған жоқ.

Тапсырыс беруші мен жеткізушінің IP-мекенжайларының сәйкес келуі техникалық сипатқа ие және өтінімді ресімдеу кезінде бір интернет байланысын пайдалануға байланысты болған. Бұл мән-жайдың өзі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың бар екенін білдірмейді, алайда сатып алу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету тұрғысынан сыбайлас жемқорлық тәуекел факторы ретінде бағалануы мүмкін.

Аталған мән-жайлар рәсімдік және ұйымдастырушылық тәуекелдердің бар екенін көрсетеді, алайда талдау жүргізілген сәтте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық белгілері анықталған жоқ.

Қорытынды:
Сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші мен жеткізушінің IP-мекенжайларының сәйкес келу фактісі техникалық жағдайлармен және қызметтік автокөлікті шығыс материалдарымен жедел қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты. Жеке мүдделілік, пайда алу немесе алдын ала сөз байласу белгілері анықталған жоқ. Сонымен қатар, мұндай бұзушылықтарға алдағы уақытта жол бермеу мақсатында қызметкерге қатаң сөгіс түрінде тәртіптік жаза қолданылды.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу шеңберінде лауазымды тұлғалар, басшылық құрам және Кәсіпорын қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысының туындау ықтималдығына байланысты мәселелер зерделенді. Талдау ішкі ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды, лауазымдық нұсқаулықтарды, функционалдық міндеттердің бөлінуін, сондай-ақ басқарушылық және ұйымдастырушылық шешімдерді қабылдауға қатысты мәліметтерді қарау арқылы жүзеге асырылды.

Тексеру кезінде мемлекеттік сатып алу бөлімінің қызметкерінде мүдделер қақтығысына қатысты бұзушылық анықталды. Ұсынылған материалдарды зерделеу нәтижесінде жекелеген сатып алулар бойынша бірнеше әлеуетті жеткізушіден коммерциялық және баға ұсыныстары ұсынылғаны анықталды. Сонымен қатар, асфальтбетон жабынын төсеу жұмыстарын орындауды көздейтін бұйрықтардың бірі бойынша жұмыстарды орындаушы ретінде «НарБота» ЖК танылған, оның басшысы кәсіпорында мемлекеттік сатып алуды жүргізуге жауапты қызметкердің жұбайы болып табылады.

Тексеру барысында Кәсіпорынға материалдық залал келтіру, орындалған жұмыстар құнының негізсіз өсірілуі немесе қызметкердің материалдық пайда алуы фактілері анықталған жоқ.

Қызметтік тексеру қорытындысы бойынша қызметкердің әрекеттері Қазақстан Республикасы заңнамасының мүдделер қақтығысына жол бермеу талаптарын бұзатын әрекеттер ретінде танылды. Кінәлі қызметкер белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Қосымша шара ретінде Кәсіпорын қызметкерімен мемлекеттік сатып алулар туралы заңнаманы сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мүдделер қақтығысының алдын алу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қызметтік тексеру шеңберінде жұмыс тобының отырысында мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде анықталған ықтимал мүдделер қақтығысы мәселесі қаралып хаттама толтырылды, осыған байланысты хаттамаға қол қойылды. Бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында сатып алу рәсімдеріне ішкі бақылау күшейтіліп, қызметкермен қосымша түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізу, сондай-ақ тәртіптік шаралар қолдану туралы шешімдер қабылданды.

Қауіпсіздік талаптары мен қызметтік тәртіптің сақталуын талдау

Есепті кезеңде жұмыс тобының қатысуымен жедел медициналық жәрдем жүргізушілері арасында жол жүрісі қауіпсіздігі талаптарының сақталуы, оның ішінде қауіпсіздік белдіктерін міндетті түрде пайдалану мәселелері бойынша рейдтік іс-шаралар жүргізілді.

Рейдтер барысында жүргізушілермен жол қозғалысы қағидаларын және қызметтік тәртіп талаптарын қатаң сақтау қажеттілігі жөнінде профилактикалық әңгімелер мен түсіндіру жұмыстары өткізілді.

Рейд қорытындылары бойынша, көпшілік жағдайда жүргізушілердің белгіленген талаптарды сақтайтыны анықталды. Сонымен қатар, кейбір қызметкерлерге профилактикалық сипаттағы ауызша ескертулер жасалды.

Қосымша ретінде жедел медициналық жәрдем жүргізушілері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары, қызметтік әдеп және еңбек жағдайлары бойынша хабардарлық деңгейін айқындау мақсатында анонимді сауалнама жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері бойынша қызметкерлердің басым бөлігі Кәсіпорындағы жұмыс ұйымдастырылуын оң бағалайтыны, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарынан хабардар екені және профилактикалық іс-шаралар мен түсіндіру жұмыстарын одан әрі жалғастыруды қажет деп санайтыны анықталды.

Бұдан бөлек, 2025 жылғы қыркүйек айында жедел медициналық жәрдем бекет қызметкерлері арасында көшпелі семинарлар ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл ретте персоналдың біліктілігін арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған дәрістер мен семинарларға **1100-ден астам қызметкер** қатысты.

Семинарлардың өткізілуі туралы хаттамалар Кәсіпорынның ресми сайтында орналастырылған.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін талдау

Жұмыс тобы азаматтардан келіп түскен өтініштерге, шағымдар мен арыздарға талдау жүргізді.

Талдау барысында өтініштердің заңнамада белгіленген мерзімдерде қаралатыны анықталды. Өтініштерді қарау тәртібін бұзу, өтініштерді жасыру немесе оларды қараудан негізсіз бас тарту фактілері анықталған жоқ.

Азаматтардың өтініштері бөлігінде талданған кезеңде Кәсіпорынның атына «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы 121 өтініш келіп түскені анықталды: оның 70%-ы адвокаттар мен заң консультанттарының сұраныстары, 20%-ы қызметкерлердің кәсіби қызметіне қатысты коммерциялық ұсыныс беру жөніндегі өтініштер, 10%-ы қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру үшін санитариялық автокөліктер беру туралы өтініштер. Барлық өтініштер белгіленген мерзімдерде қаралып, өтініш иелеріне тиісті жауаптар берілді және кері байланыс жүргізілді. Кәсіпорынның атына сыбайлас жемқорлық сипаттағы шағымдар түскен жоқ.

Қорытынды

Өткізілген талдау нәтижелері бойынша 2025 жылғы мамыр мен 2026 жылғы маусым аралығында Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алу бөлімінің қызметінде сатып алу рәсімдеріне қатысушылардың IP-мекенжайларының сәйкестігіне, сондай-ақ сатып алу қызметін жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысы белгілерінің болуына байланысты жекелеген бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің факторлары анықталды. Тексеру барысында лауазымды тұлғалардың жеке мүдделілігі, олардың материалдық немесе өзге де пайда алуы, сондай-ақ кәсіпорынға залал келтіру фактілері анықталған жоқ. Тексеру қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу бөлімінің қызметкеріне қатаң сөгіс және ескерту түріндегі тәртіптік шаралар қолданылды.

Сонымен қатар, талдау барысында кадр қызметінің жұмысында елеулі құқықтық салдарға әкеп соқпаған ұйымдастырушылық және кадрлық-

әкімшілік сипаттағы жекелеген болмашы бұзушылықтар анықталды. Анықталған бұзушылықтар тек рәсімдік сипатқа ие.

Ұсынылады:

1.Бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мемлекеттік сатып алуларды жүргізуге бақылауды күшейту.

2.Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету,

3.Қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша тұрақты негізде оқыту семинарларын, түсіндіру іс-шараларын және профилактикалық әңгімелер өткізуді жалғастыру.

4.Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты қызметкерді сатып алу рәсімдерін сақтау, мүдделер қақтығысының алдын алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау мәселелері бойынша тиісті оқытуға (біліктілігін арттыруға) жіберу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы

Жұмыс тобының жетекшісі:
Баратов А.Б. – комплаенс-офицер _____

Жұмыс тобының мүшелері:

Тулеуов Б.А. – емдеу ісі жөніндегі бас дәрігердің орынбасары (2026 жылғы 28 мамырдан бастап) _____

Сейтханова Р.М. – ұйымдастыру-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі _____

Елшибаева Ш.Т. – кадр бөлімінің инспекторы _____

Сейтимбетова Ж.А. – сарапшы дәрігер _____

Жұмыс тобының хатшысы:
Даржанова Ф.П. – экономист _____